

Мәртөк ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қазандағы № 219 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 206 "Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 46 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8098 тіркелген) күші жойылды деп танылсын).

3. "Мәртөк аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі нұсқасын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Ақтөбе облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін қамтамасыз етсін;

4. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауданы әкімі

М. Ысқақов

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "8" қазандағы
№ 219 қаулысына қосымша

Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-MA-1	"Мәртөк-Дмитриевка-Байторасай-Полтавка" 0-44,275 км	44,275
2	KD- MA -2	"Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Вознесенка-Жаңажол" 0-33 км	33
3	KD- MA -3	"Байторасай-Шевченко-Қызылжар-Бөрте" 0-43,825 км	43,825
4	KD- MA -4	"Достық ауылына кіреберіс" 0,12 км	12
5	KD- MA -5	"Мәртөк-Қаратаусай-Аққайың" 0-44 км	44
6	KD- MA -7	"Құрмансай-Шанды-Егізата" 0-39 км	39
7	KD- MA -8	"Құрмансай ауылына кіреберіс" 0-28,315 км	28,315
8	KD- MA -9	"Покровка ауылына кіреберіс" 0-9,1 км	9,1
9	KD- MA -10	"Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Қаратоғай ауылына кіреберіс" 0-6 км	6
10	KD- MA -11	"Мәртөк ауылына кіреберіс" 0-6 км	6
11	KD- MA -13	"Сарыжар ауылына кіреберіс" 0-4,56 км	4,56
Барлығы			270,075